

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ**



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

«Қазақ спорт және туризм академиясы», «Дене мәдениеті және спорттың теориялық негіздері» кафедрасы **2026 жылдың 20 ақпанында** Алматы қаласында педагогика ғылымдары докторы, профессор **Хаустов Станислав Ивановичтің 85 жылдығына арналған «Білім беру, дене шынықтыру, спорт және туризмдегі инновациялар»** атты VIII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізеді.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы жетекші ғалымдарды, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен жас ғалымдарын, магистранттар мен докторанттарды, білім беру ұйымдарының әкімшілерін, әдіскерлері мен педагогтарын, қызмет көрсету саласындағы мамандарды (мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі, туризм) конференциясы жұмысына қатысуға шақырамыз.

Конференцияның **мақсаты** – дене шынықтыру, спорт, туризм және білім берудегі ғылыми зерттеулердің халықаралық тәжірибесі мен нәтижелерімен алмасу.

Конференция жұмысы келесі бағыттар (секциялар) бойынша ұйымдастырылады:

1. Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім берудегі кәсіби дайындықтың өзекті мәселелері.
2. Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім берудің психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік мәселелері.
3. Спорттағы жоғары жетістіктерге дайындықтың мәселелері мен перспективалық бағыттары.
4. Спорт, туризм және қонақжайлылық индустриясының менеджменті.
5. Сауықтыру және бейімдік дене шынықтыруды дамыту перспективалары.

Конференция регламенті: сөз сөйлеу 7 минутқа дейін.

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Конференцияның нысаны мен орны: ҚазСТА базасында офлайн, Алматы қ., Абай даңғылы 85. Ciscoweбex платформасында онлайн режимінде.

Жол жүру, тұру және тамақтану шығыстары іссапарға жіберуші тараптың есебінен жүзеге асырылады.

Конференцияға қатысу форматы:

- ✓ мақаланың баяндамасы және жариялануымен, оның ішінде on-line режимінде;
- ✓ мақаланы жарияламай баяндамамен, оның ішінде on-line режимінде де баяндама жасау;
- ✓ баяндамасыз, мақаланы жариялай отырып.

Конференцияда сөйлеуге қойылатын талаптар

Баяндамада жеке зерттеудің негізгі мазмұны көрсетілуі керек. Баяндаманың кіріспе бөлігінде зерттеудің мақсаты мен мәселелері ұсынылуы тиіс. Негізгі бөлімде – зерттеудің теориялық және практикалық ережелері. Қорытынды бөлімде – зерттеу мақсатына сәйкес қорытынды. Баяндаманың ұзақтығы-7 минутқа дейін. Компьютерлік презентацияның болуы міндетті болып табылады.

Конференция қорытындысы бойынша кейіннен интернет желісінде және Қазақ спорт және туризм академиясының сайтында электрондық нұсқада ғылыми еңбектер жинағы жарияланады. Ұйымдастыру комитеті мақалалар мәтіндерінің түпнұсқалығы 40%-дан төмен болмауы тиіс екендігіне назар аударады. Конференцияға ұсынылған материалдар рецензияланбайды және авторлық редакцияда басылады. Көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін және антиплагиат тексерісінен өтпеген жұмыстар жариялауға қабылданбайды.

Конференцияға қатысу үшін 10.02.2026 ж. қоса алғанда төменде көрсетілген құжаттарды жіберу қажет:

- ✓ конференцияға қатысуға өтінім нысанын толтыру және конференция поштасына жіберу: tofkis_orgkomitet@mail.ru.
- ✓ мақаланы жариялайтын жағдайда **мақала мәтінін ресімдеуге қойылатын талаптарға** сәйкес ресімделген мақаланы электрондық пошта бойынша жіберу: tofkis_orgkomitet@mail.ru.

Хаттың тақырыбы "Конференцияға қатысушы", .doc немесе .docx форматтағы файл баяндамашының тегімен аталуы керек, мысалы, «Коллер_мақала», «Коллер_өтінім».

Конференцияға қатысушылар үшін ұйымдастырушылық жарна - 3000 теңге (немесе конференцияға қатысушы елдің валютасымен баламалы).

Студенттер мен магистранттар үшін ғылыми жетекшісімен авторлық бірлестікте жазылмаған жарияланым құны – 1000 теңгені құрайды (немесе конференцияға қатысушы елдің валютасымен баламалы).

Конференцияға қатысқаны үшін төлемақы материалдарды қабылдау және ұйымдастыру жарнасын төлеу тәсілдері туралы толық ақпаратпен берілген

хабарлама алғаннан кейін жүргізіледі. Төлемді аударған кезде «Конференцияға қатысушы» деген белгі қою, сондай-ақ өзіңіздің Т.А.Ә. көрсету керек.

Конференцияны ұйымдастыру комитетінің басшысы: PhD, қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, Қазақ спорт және туризм академиясының «Дене мәдениеті және спорттың теориялық негіздері» кафедрасының меңгерушісі – Белегова Алия Аканбаевна, Тел.+7 701 322 88 52.

Мақалаларды қабылдау: PhD, «Дене мәдениеті және спорттың теориялық негіздері» кафедрасының аға оқытушысы - Жидовинова Анна Вячеславовна.

Конференцияны ұйымдастырушылар: Қазақ спорт және туризм академиясы.

Конференцияға қатысуға байланысты барлық мәселелер бойынша, Конференцияның Ұйымдастыру комитетіне мына электрондық мекенжай бойынша хабарласуыңызды өтінеміз:

tofkis_orgkomitet@mail.ru

МАҚАЛА МӘТІНІН РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Жинақта жариялау үшін бұрын басқа баспа немесе электрондық басылымдарда жарияланбаған түпнұсқа материалдар ғана қабылданады. Ұсынылатын мақала көлемі А4 форматындағы 3-тен 6 бетке дейін. Материалдар.doc, .docx. форматта жіберіледі.

Барлық жағынан өрістер - 2 см, парақтың ені бойынша тасымалдаусыз тураланады, Times New Roman шрифті, 12 кегль, жоларалық интервал – бір, мәтіндегі абзац шегінісі - 1 см., бет нөмірлері қойылмайды.

Жоғарғы оң жақ бұрышта – жарияланым ұсынылатын бөлімнің атауы. Келесі жолда-мақаланың атауы **БАС ӘРІПТЕРМЕН**, қалың жазумен, ортасына туралау. Содан кейін – бір бос жол қалдырылады.

Төменде автордың тегі мен аты – жөні (қалың жазумен), ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, өзі ұсынатын ұйымның толық ресми атауы, қаласы, елі көрсетілген.

Төменде – бірлескен авторлардың тегі мен аты-жөні (қалың жазумен).

Әр мақалада авторды қоса алғанда, 5-тен аспайтын бірлескен авторларға рұқсат етіледі. Содан кейін-бір бос жолға шегініс.

Төменде – аннотация (100-200 таңба), тақырып қайталанбауы тиіс, мақаланың мазмұнын дәл көрсету керек: мәселелер, зерттеу әдістері, негізгі нәтижелер. Содан кейін – кілт сөздер -5-10 сөз.

Бұдан әрі, бір бос жол қалдырып, мақаланың атауы ағылшын тілінде **БАС ӘРІПТЕРМЕН**, қалың жазумен, ортасына тураланады, келесі жолда автордың және бірлескен авторлардың тегі мен аты-жөні ағылшын тілінде, бос жол арқылы аннотация (100-200 таңба) және ағылшын тіліндегі кілт сөздер.

Әрі қарай, бір бос жолға шегінгеннен кейін мақаланың негізгі мәтіні. Мақаланың міндетті бөлімдері: **Өзектілігі; Зерттеуді ұйымдастыру және әдістері; Зерттеу нәтижелері; Қорытындылар; Әдебиет** (мәтіндегі мақаланың бөлімдері қалың жазумен ерекшеленеді). Мақала мәтіндегі әдебиеттерге сілтемелер төртбұрышты жақшада көрсетіледі [1], тізім мәтіндегі дереккөздер туралы айтылғандай тізімделеді. Барлық тікелей дәйексөздер тырнақшаға алынуы және олар келтірілген дереккөздердегі беттердің нұсқауларын қамтуы керек [1, б.103] (әдебиеттер тізімінде дереккөздегі беттердің жалпы саны көрсетілген). Мәтінге суреттер мен кестелер енгізілуі мүмкін. Барлық суреттер мен кестелерде мәтінде көрсетілуі, тақырыбы мен реттік нөмірі болуы керек.

Мәтіннің өзіндік ерекшелігі 40% - дан төмен болмауы тиіс.

Ұсынылған мақала ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес келмеген жағдайда редакциялық комиссия конференция жинағында жариялау үшін жұмысты қабылдамауға құқылы.

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

**Коллер С.С. – п.ғ., Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ.,
Қазақстан**
**Фейр М.Н. – PhD, қауымд. профессор, Қазақ спорт және туризм академиясы,
Алматы қ., Қазақстан**

Аннотация: мәтін, мәтін, мәтін,. мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін,. мәтін, мәтін, мәтін,
мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін,. мәтін, мәтін.

Кілт сөздер: мәтін, мәтін, мәтін,мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін.

MASS SPORTS

Koller S.S., Fejr M.N.

Annotation: text, text, text, text, text, text, text, text, text, text, text, text, text, text,
text, text, text, text, text, text, text, text, text, text, text, text, text, text.

Keywords: text, text, text, text, text, text.

Мақала мәтіні

Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. (Кесте 1).

Кесте1. мәтін, мәтін, мәтін,мәтін, мәтін.

мәтін, мәтін, мәтін		Мәтін	Мәтін	Мәтін
мәтін	мәтін	мәтін	мәтін	мәтін

Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. (Сурет 1).



Сурет 1. мәтін, мәтін, мәтін,мәтін, мәтін

Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні

Әдебиет:

1. Тегі А.Ә. Оқулықтың, оқу құралының, кітаптың атауы. - баспа қаласы: басылым, жыл. - XX с.
2. Тегі А.Ә., Тегі А.Ә. Мақаланың атауы // Журналдың атауы. – жылы. – № XX. – Б. XX–XX.
3. Тегі А.Ә. Мақаланың атауы // Конференция атауы: мат. – қала, жылы. – Б. XX–XX.
4. Тегі А.Ә. Мақаланың атауы // Конференция атауы: ғылм.еңб. жинағы – қала, жылы. – Б. XX–XX.
5. Электрондық оқулықтың атауы / А.Ә.Тегі редакциялауында - Басп. X-е, қайта өңделген және толықтырылған - қала: Баспа, жылы. [Электрондық көр]. URL: http://yanko.lib.ru/ann/hist_anc_east-kuz (дата обращения: XX.XX.XXXX).
6. Сайт атауы. <https://velotour.kz/> (қараған күні XX.XX.XXXX).

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор
СТАНИСЛАВ ИВАНОВИЧ ХАУСТОВТЫҢ
85 жылдығына арналған «Білім беру, дене шынықтыру, спорт және
туризмдегі инновациялар» атты VIII Халықаралық
ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға
ӨТІНІМ
«20» ақпан 2026 ж. Алматы қ., Қазақстан
(Өтінімді конференцияға қатысушы толтырады)

Тегі: Фамилия: Surname	
Аты: Имя: Name	
Әкесінің аты: Отчество: Patronymic	
Елі, қаласы: Страна, город: A country, city:	
Ұйымның толық атауы: Организация, полное название: Institute/Organization Name	
Лауазымы Должность Position	
Ғылыми / академиялық дәрежесі (бар болса): Ученая/академическая степень (при наличии): Academic degree	
Ғылыми атауы (бар болса): Ученое звание (при наличии): Academic title	
Мобилді телефон: Мобильный телефон: Mobile phone	
Электронды пошта мекен-жайы: Адрес электронной почты: E-mail:	
Қатысу форматы: Формат участия: Type of participation	
Бағыты: Направление: Conference direction	
Жарияланым атауы: Название публикации: Topic of pulication	